



«БЕКІТЕМІН»
«Дарын» РҒПО директоры
Г. Тұрсынов
2024 жыл

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың ережесі

Жалпы ережелер

1. Осы ереже жалпы білім беретін пәндер бойынша жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын барлық білім беру үйымдарының 7-8 сынып оқушылары үшін республикалық олимпиаданы (бұдан әрі - Олимпиада) үйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері: оқушылардың зияткерлік қызмет пен ғылыми білімге деген қызығушылығын дамыту, білім алушылардың қабілеттерін, бейімділігін іске асыру үшін жағдай жасау, дарынды балалармен жұмысты іске асыру шеңберінде ерте бейіндеу, Республикалық пәндік олимпиадаларға қатысу үшін жоғары ынталы білім алушыларды анықтау.

3. Олимпиада келесі пәндер бойынша жалпы білім беретін бағдарламалар негізінде өткізіледі: **жаратылыстану-математикалық бағыт** (математика, биология, физика, география, химия, информатика) және **қоғамдық-гуманитарлық бағыт** (қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы).

4. Олимпиада 4 кезеңде, бір турда өткізіледі:

- бірінші (мектепішілік) кезең - ҚГБ және ЖМБ пәндері;
- екінші (аудандық/қалалық) кезең - ҚГБ және ЖМБ пәндері;
- үшінші (облыстық) кезең - ҚГБ және ЖМБ пәндері;
- төртінші (республикалық) кезең - **ҚГБ және ЖМБ пәндері**.

5. Бірінші, екінші, үшінші кезең үйымдастыру комитеті: облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары мен облыстық «Дарын» орталықтары болып табылады.

Олимпиаданы үйымдастыру комитеті:

- Олимпиаданы өткізудің үйымдастырушылық-техникалық нысанын айқындайды;

- Олимпиаданы үйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;
- жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қолданыстағы санитариялық эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларға сәйкес, Олимпиаданы өткізуді қамтамасыз етеді;

- әрбір жалпы білім беретін пән бойынша олимпиадалық тапсырмалардың сақталуын қамтамасыз етеді, олардың құпиялышыны үшін Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген жауаптылықта болады;

- олимпиадаға қатысушылардың олимпиадалық жұмыстарын шифрлауды

жүзеге асырады;

- олимпиаданы өткізу және жолда жұру кезінде қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

6. «Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі» пәні бойынша туу туралы қуәлік бойынша сәйкестендірілетін өзге ұлттың окушылары қатысады.

7. «Дарын» РЕПО олимпиаданың екінші, үшінші, төртінші кезеңдерінің тапсырмаларын әзірлейді және құрастырады.

8. Барлық кезеңдердің мерзімдері мен Олимпиада пәндерінің тізбесін жыл сайын, аудандық/қалалық, облыстық, республикалық кезеңдерін өткізу жөніндегі нұсқаулықты «Дарын» РЕПО бекітеді.

Барлық қатысушыларға қажет:

- олимпиада басталғанға дейін кемінде 30 минут бұрын Олимпиада өтетін жерге келу;

- ұйымдастырушының сүйемелдеуімен қосымша заттарды, ұялы телефондарды арнайы бөлінген орынға қалдырып, аудиторияға өту;

- ұйымдастырушы көрсеткен орынға отыру;

- жұмысты орындау жөніндегі нұсқаулықты тындау, танысу;

- тапсырманы орындауға кірісу;

Олимпиаданың басталуына кешіккен қатысушылар аудиторияға жіберілмейді.

Қатысушылардың жұмыс орнында қажетті және рұқсат етілген кеңсе тауарлары (жазу құралдары, ауыз су және шоколад) болуы мүмкін.

9. Олимпиада кезінде:

- ұйымдастырушылар Олимпиаданың басталу уақытын жариялағаннан кейін (Олимпиаданың басталу және аяқталу уақыты тақтага жазылады) жұмысты орындауға кірісу;

- олимпиадаға қатысушылар сайыс кезінде аудиториядан дәлелді себеппен (санитарлық бөлмеге, медициналық кабинетке) шықса, Олимпиада жұмысын аудиториядағы жауапты ұйымдастырушыға тапсыруы қажет.

Олимпиаданы уақытынан бұрын аяқтаған жағдайда қатысушы аудиториядан шыға алады.

Ескерту: олимпиаданы мерзімінен бұрын аяқтауға рұқсат етіледі.

Олимпиада турын өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:

1. электрондық түрдегі кез-келген ақпаратты, жеке компьютерлерді, мобиЛЬДІ және интернет байланыс құралдарын пайдалануға;

2. қатысушылар арасындағы әнгімелесуге;

3. отырған орнынан тұруға, басқа қатысушының орнына ауысуға;

4. қатысушылар арасында кез-келген материалдармен және заттармен алмасуға;

5. анықтамалық материалдарды, шпаргалкаларды, оқулықтарды пайдалану.

Қатысушының жұмысын бағалаудың объективтілігі мақсатында бүкіл тур бойы аудио және бейнежазба жүргізіледі, ол Олимпиада аяқталғанға дейін сақталады. Ұйымдастырушылар олимпиада басталғанға дейін

қатысушылардың ата-аналарынан немесе занды қамқоршыларынан келісім алуы керек (*1 қосымша*).

Жарысқа қатысу ережелерін бұзған немесе оларды сақтаудан бас тартқан жағдайда қатысушы Олимпиадаға қатысады жалғастыру құқығынан айырылады.

Шеттету үйымдастыру комитетінің кемінде екі мүшесінің қолы қойылған және қатысушының жеке қолы қойылған арнайы актімен ресімделеді (*2 қосымша*). Қатысушы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған «қол қоюдан бас тартты» деген жазба енгізіледі. Олимпиада пәні бойынша қатысу нәтижелері жойылады.

10. Женімпаздар мен жұлдегерлер саны әр пән мен сынып бойынша олимпиадаға қатысушылардың жалпы санының 45 пайызынан аспайды.

11. Олимпиаданың женімпаздары мен жұлдегерлері I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. I, II және III дәрежелі дипломдардың саны мынадай пропорция негізге алына отырып айқындалады: женімпаздар санының 50% - дан аспайтыны III дәрежелі дипломдармен, 30% - дан аспайтыны II дәрежелі дипломдармен, 20% - дан аспайтыны I дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Екінші (аудандық/қалалық) кезеңді үйымдастыру және өткізу тәртібі

12. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңді облыстық, Астана Алматы және Шымкент қалаларының білім бөлімдері, белгіленген уақытта үйымдастырып, өткізеді.

13. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің қатысушылары әр пән мен сынып бойынша бірінші мектепішілік кезеңнің женімпаздары болып табылады.

14. Мамандандырылған білім беру үйымдары үшін олимпиаданың екінші кезеңі Олимпиаданың бірінші (мектепішілік) кезеңіне теңестіріледі.

15. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңді үйымдастыру және өткізу үшін облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандық білім бөлімдері үйымдастыру комитетінің құрамын құрады және бекітеді.

16. Үйымдастыру комитетінің құрамына үйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Төраға болып аудан/қала білім басқармасының басшысы айқындалады.

17. Үйымдастыру комитеті:

- Олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңін өткізууді үйлестіреді және бақылайды;

- Олимпиада қорытындыларын талдайды және жинақтайды;

- Олимпиада қорытындысы туралы ақпаратты облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларына жолдайды. Кезең қорытындысы бойынша білім беру үйымдарының рейтингі жасалады.

18. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің олимпиадалық тапсырмаларының күпиялышының сақталуын қамтамасыз ете отырып, бүкіл республика бойынша үйымдастыру комитетінің жауапты мүшесіне бір мезгілде жіберіледі.

19. Олимпиадалық тапсырмалардың критерийлері және бағалау. Тест саны

– 30, тест тапсырмаларының нысаны – «бір дұрыс жауабы бар жабық». Әр тапсырманың жанында тапсырма қанша ұпаймен бағаланатыны көрсетіледі.

Тапсырмаларды орындау уақыты – 90 минут,

Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы үшін:

- 1 балл (1 деңгей);

- 2 балл (2 деңгей);

- 3 балл (3 деңгей).

Тестілеудің қорытынды нәтижелерін есептеу кезінде дұрыс жауаптар саны үшін деңгейге сәйкес ұпай беріледі. Онда тек бір дұрыс жауап бар. Ең жоғары ұпай саны 50 балл.

20. Берілген Олимпиадалық тапсырмалардың сапасын және құпиялылығын қамтамасыз ету үшін жауапкершілік, бейнетрансляция аудан/қала білім басқармасының басшысына жүктеледі.

21. Егер тапсырма тест түрінде болатын болса, апелляцияны өткізу қарастырылмайды.

22. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер және жоғары біліктілік санаттары бар аудандық/қалалық білім басқармаларының өкілдері, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадалардың женімпаздары мен жүлдегерлері кіруі мүмкін. Қатысуышылардың санына байланысты қазылар алқасы мүшелерінің құрамы тақ санды құрайды (кемінде 3 адам). Қазылар алқасының құрамына оқушылары олимпиаданың қатысуышылары болып табылатын педагогтар кірмейді.

23. Әр тур аяқталғаннан кейін қатысуышылар жұмыстарының шифрланған және сканерленген көшірмелері аудан/қала білім басқармасының интернет ресурсында орналастырылады.

24. Оқушылардың жұмысын тексеру аяқталғаннан кейін қорытынды хаттамалар аудан/қала білім басқармасының интернет ресурсында орналастырылады.

25. Олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңін аяқтау қорытындысы бойынша аудан/қала білім басқармалары әрбір пән мен сынып бойынша қорытынды хаттамаларға сәйкес кезең аяқталған сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде Олимпиаданың үшінші кезеңіне қатысу үшін командалар қалыптастырады (әрбір пән мен сынып бойынша 1 оқушыдан).

Үшінші (облыстық) кезеңді ұйымдастыру және өткізу тәртібі

26. Үшінші (облыстық) кезеңді Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары және облыстық білім басқармалары белгіленген уақытта ұйымдастырып, өткізеді.

27. Турлар өткізілгеннен кейін тапсырмаларды талдау, үйлестіру және әр пән бойынша апелляция жүргізіледі. Апелляция күні мен уақытын жергілікті білім басқармасы белгілейді.

28. Жұмысты объективті бағалау құқығын қамтамасыз ету мақсатында Олимпиадаға қатысуышылар әр тапсырмаға/тармаққа/бөлімге келіспеу себептерін

көрсете отырып, белгілі бір өтініш нысанын толтырып, қойылған ұпайлармен келіспеу туралы апелляцияға беруге құқылы (3 қосымша).

29. Апелляцияға қазылар алқасының мүшелері мен Олимпиада қатысушысы қатысады. Ата-аналар, мұғалімдер және басқа адамдар сүйемелдеуге рұқсат етілмейді.

30. Апелляцияны қарастыру нәтижелері бойынша олимпиаданың қазылар алқасы апелляцияны қабылдамау, қойылған ұпайларды сақтау немесе апелляцияны қанағаттандыру және ұпайларды түзету туралы шешім қабылдайды. Апелляция нәтижелері қорытынды хаттамада көрсетіледі.

31. Ұшінші (облыстық) кезеңнің қатысушылары әр пән мен сынып бойынша екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің жеңімпаздары болып табылады.

32. Ұшінші (облыстық) кезеңді ұйымдастыру және өткізу ұшін облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары және облыстық «Дарын» орталықтары ұйымдастыру комитетін құрады және бекітеді.

33. Ұйымдастыру комитетінің құрамына ұйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Төрағалар болып облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары айқындалады.

34. Ұйымдастыру комитеті:

- Олимпиаданың ұшінші (облыстық) кезеңін өткізууді үйлестіреді және бақылайды;

- жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін қатысушылар тексеру үшін қазылар алқасының мүшелеріне әрбір пән мен сынып бойынша барлық қатысушылардың шифрланған және сканерленген жұмыстарын жібереді;

- Олимпиада қорытындыларын талдайды және жинақтайды;

- олимпиада қорытындылары туралы ақпаратты облыстық «Дарын» орталықтары жасайды.

- кезең қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының рейтингін жасайды және интернет-ресурстарда жариялайды.

35. Олимпиаданың ұшінші кезеңнің тапсырмаларын облыстық «Дарын» орталықтары ұйымдастыру комитетінің жауапты мүшесіне қупиялыштық сақталуы қамтамасыз етіле отырып, барлық облыстар бойынша бір мезгілде жібереді.

36. Ұсынылған олимпиадалық тапсырмалардың қупиялыштығын қамтамасыз ету және сапалы бейнетрансляцияны қамтамасыз ету үшін жауапкершілік облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының және облыстық «Дарын» орталықтарының басшыларына жүктеледі.

37. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, жоғары біліктілік санаты бар тәжірибелі мұғалімдер, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері кіруі мүмкін. Олимпиаданың қазылар алқасының құрамына оқушылары үшінші (облыстық) кезеңге қатысатын педагогтар кірмейді.

38. Олимпиада кезінде оқушылардың тапсырманы орындау процесі бейнетрансляциямен сүйемелденеді және бейнежазба республикалық кезең аяқталғанға дейін сақталуы.

39. Турлар аяқталғаннан кейін қатысушылар жұмыстарының шифрланған және сканерленген көшірмелері, оқушылардың жұмысын тексеру аяқталғаннан кейін қорытынды хаттамалар Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары және облыстық білім басқармаларының интернет-ресурсында орналастырылады.